

## **"Алатау" Санаторийі" акционерлік қоғамын жекешелендіруді аяқтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1092

"Алатау" Санаторийі" акционерлік қоғамын жекешелендіруді аяқтау және халыққа көрсетілген емдеу-сауықтыру қызметінің аясын жетілдіру мен кеңейтуге бағытталған инвестицияларды тарту, сондай-ақ елдің курорттық-санаторийлық индустриясын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті "Алатау" санаторийі" акционерлік қоғамы акцияларының қалған акцияларының мемлекеттік пакетін (34,5 процент) кейін сату үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне берсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру

жөніндегі департаменті "Алатау" Санаторийі" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды заңда белгіленген тәртіппен осы акционерлік қоғам акцияларының 51 процентін сату кезінде сатып алушымен 1997 жылдың 30 сәуірінде жасалған N 04-027-97 келісім-шарттың ережелерін ескере отырып жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары